

**«М.Х.ДУЛАТИ АТЫНДАҒЫ ТАРАЗ УНИВЕРСИТЕТІ»
«Стратегиялық, халықаралық даму және сапа комитеті» мәжілісінің
№ 1 хаттамасы**

Тараз қаласы

22.09.2025 ж.

Қатысқандар:

Есимова Ш.А., Алимбаева С.К., Дарибаев Ж.Е., Иржанова Г.Ж., Исабекова Г.Б., Тасуов Б.Т., Турарова А.Н., Ернишев К.А., Садыбаев А.К., Нурпеисов М.К., Кابدусhev А.А., Ултанбаев А.Б., Маткурбанова Ж.Д.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Стратегиялық, халықаралық даму және сапа комитетінің құрамына өзгерістер мен толықтырулар енгізу және бекітуге ұсыну туралы.
2. Стратегиялық, халықаралық даму және сапа комитетінің жылдық жоспарын бекіту туралы.
3. Әр түрлі мәселелер:
 - 3.1. Дулати университетінің 2025-2026 оқу жылына арналған сапа мақсаттары туралы.

Тыңдалды.

1-ші мәселе бойынша Стратегиялық, халықаралық даму және сапа комитетінің төрайымы сөз алып, 29.12.2023ж. № 15-37/7-1.2/483 бұйрық негізінде бекітілген Комитет ережесінің 5.2, 5.3-тармақтарының талаптарын орындау мақсатында, Стратегиялық, халықаралық даму және сапа комитеті 2025-2026 оқу жылына төмендегідей құрамда бекітілуін ұсынды:

1. Есимова Шолпан Алтынбековна - Басқарма мүшесі – Стратегиялық даму және интернационалдандыру жөніндегі проректор, Стратегиялық, халықаралық даму және сапа комитетінің төрайымы;
2. Алимбаева Сауле Курмантаевна – Академиялық жұмыс жөніндегі департамент директоры;
3. Кابدусhev Арман Арыстанғалиевич - Ғылым және коммерцияландыру департаментінің директоры;
4. Ултанбаев Арнат Бегдалыұлы – Әлеуметтік жұмыс басқармасының басшысы;
5. Турарова Айсулу Нурдуновна - Педагогика және әлеуметтік ғылымдар факультетінің деканы;
6. Исабекова Гулнур Болатбековна - Филология және гуманитарлық ғылымдар факультетінің деканы, Халықаралық ынтымақтастық орталығының басшысы;
7. Садыбаев Абильхан Килыбайұлы - Технологиялық факультетінің деканы;
8. Ернишев Қайрат Асылбекұлы - Экономика және құқық факультетінің деканы;
9. Тасуов Болат Тасуович- Жаратылыстану ғылымдары факультетінің деканы;
10. Сейтқасым Айбек Максимұлы - Дене шынықтыру және алғашқы әскери дайындық факультетінің деканы м.а.;
11. Дарибаев Жанали Еркимбекович - Стратегиялық даму басқармасының басшысы;
12. Иржанова Гульжан Дженисбекқызы - Кітапханалық-ақпараттандыру орталығының директоры;
13. Маткурбанова Жадыра Давлатбайқызы – Аккредиттеу, рейтинг және сапаны қамтамасыз ету бөлімінің маманы, Стратегиялық, халықаралық даму және сапа комитетінің хатшысы.

Комитет мүшелері осы сұрақ бойынша сұрақтарыңыз, ескертулеріңіз, қосатындарыңыз, ұсыныстарыңыз барма?

Дарибаев Ж.Е. сөз алды: Комитеттің бұрынғы құрамы бойынша қазіргі уақытта факультет декандарынан бір адам өзгерді. Дене шынықтыру және алғашқы әскери дайындық факультетінің деканы М.Нурпеисов орнына А.Сейтқасым келді. Академиялық, ғылым, тәрбие бойынша департамент, басқарма басшылары комитет құрамында бар.

Төрайым сөз алды: Жаксы, сұрақ-ұсыныс жоқ болса дауысқа салайық. «Қарсы», «қалыс» - жоқ. Бірауыздан қабылданды.

Шешім: Стратегиялық, халықаралық даму және сапа комитетінің құрамына өзгерістер мен толықтырулар енгізе отырып бекітуге ұсынылсын.

2-ші мәселе бойынша Стратегиялық даму жөніндегі басқарманың басшысы Дарибаев Ж.Е. сөз алды:

Құрметті комитет мүшелері, назарларыңызға Стратегиялық, халықаралық даму және сапа комитетінің жылдық жоспарын бекітуге ұсынып отырмыз. Стратегиялық, халықаралық даму және сапа комитетінің ережесіне сәйкес тоқсан сайын мәжіліс өткіземіз. Яғни, жылына 4 рет. Әр мәжіліске 2-3 негізгі сұрақтан қойылды. Егер сапа комитетінде қаралуы тиіс ірі мәселелер ағымдағы жылда шығып жатса, әр түрлі мәселелер арқылы қосымша ендіріп, бұл жиынның күн тәртібіне қосуға болады. Жоспарға тоқталатын болсам:

1-мәжіліс қарлатын мәселелер:

- 1) Стратегиялық, халықаралық даму және сапа комитетінің құрамына өзгерістер мен толықтырулар енгізу және бекітуге ұсыну туралы
- 2) Стратегиялық, халықаралық даму және сапа комитетінің жылдық жоспарын бекіту туралы
- 3) Әртүрлі мәселелер

2-мәжіліс қарлатын мәселелер:

- 1) Даму Бағдарламасы №4 қосымшасы бойынша жылдық көрсеткіштерінің орындалуы туралы
- 2) Дулати университеті қызметкерлерінің тиімділігін (Крі) бағалау туралы
- 3) Әр түрлі мәселелер

3-мәжіліс қарлатын мәселелер:

- 1) Әлемдік рейтингтерге қатысу нәтижелері туралы
- 2) Ішкі аудит нәтижелерін талдау туралы
- 3) Білім беру бағдарламаларын мамандандырылған аккредиттеу туралы
- 4) Әр түрлі мәселелер

4-мәжіліс қарлатын мәселелер:

- 1) Факультеттердің сапаны қамтамасыз ету комиссиясы жұмысының жылдық есептерін талдау
- 2) Ішкі рейтинг нәтижелері туралы
- 3) Әртүрлі мәселелер

Жылдық жоспар жобасы сіздерге алдын ала танысуға жіберілген болатын. Жоспарға қатысты ұсыныстарыңыз болса айтсаңыздар.

Төрайым сөз алды: Даму Бағдарламасының №4 қосымшасы бойынша жылдық көрсеткіштерінің және оқу жылы бойынша көрсеткіштерінің орындалуында «Білім алушылардың, ПОҚ-ның білім беру қызметтерінің сапасына және экожүйеге қанағаттану дәрежесі туралы сауалнаманың нәтижелерін көрсетуіміз қажет. Сондықтан қараша айындағы 2 мәжіліске сауалнама нәтижелерінде қосу керек.

Алимбаева С.К. сөз алды: Даму Бағдарламасының №4 қосымшасы бойынша жылдық көрсеткіштерінің және оқу жылы бойынша көрсеткіштерінің орындалуы туралы жылына екі рет түзетулер жасалады. Сондықтан бұл сұрақты екі рет қойсақ та болады.

Дарибаев Ж.Е. сөз алды: Сіздің айтқан ұсынысыңызды маусым айына қосайық.

Төрайым сөз алды: Комитеттің жылдық жоспарына басқа қосатын ұсыныстарыңыз жоқ болса, осы айтылған ұсыныстарды ескере отырып дауысқа салайық. «Қарсы», «қалыс» - жоқ. Бірауыздан қабылданды.

Шешім: Айтылған ұсыныстар негізінде жоспарға толықтырулар енгізіліп бекітілсін.

Стратегиялық, халықаралық даму және сапа комитетінің 2025-2026 оқу жылына арналған жұмыс ЖОСПАРЫ

р/с №	Қаралатын мәселелер	Жауапты тұлғалар	Мерзімі
1.	Стратегиялық, халықаралық даму және сапа комитетінің құрамына өзгерістер мен толықтырулар енгізу және бекітуге ұсыну туралы	Есимова Ш.А.	1-мәжіліс 2025 жыл, қыркүйек
2.	Стратегиялық, халықаралық даму және сапа комитетінің жылдық жоспарын бекіту туралы	Дарибаев Ж.Е.	
3.	Әр түрлі мәселелер		
4.	Даму Бағдарламасы №4 қосымшасы бойынша жылдық көрсеткіштерінің орындалуы туралы	Дарибаев Ж.Е.	2-мәжіліс 2025 жыл, қараша
5.	Дулати университеті қызметкерлерінің тиімділігін (Крі) бағалау туралы	Мамбетова А.С.	
6.	Білім алушылардың, ПОҚ-ның білім беру қызметтерінің сапасына және экожүйеге қанағаттану дәрежесі	Матқурбанова Ж.Д.	
7.	Әр түрлі мәселелер		
8.	Әлемдік рейтингтерге қатысу нәтижелері туралы	Дарибаев Ж.Е.	3-мәжіліс 2026 жыл, ақпан
9.	Ішкі аудит нәтижелерін талдау туралы	Дарибаев Ж.Е.	
10.	Білім беру бағдарламаларын мамандандырылған аккредиттеу туралы	Юнусова Р.Б.	
11.	Әр түрлі мәселелер		
12.	Даму Бағдарламасының №4 қосымшасы бойынша жылдық көрсеткіштерінің және оқу жылы бойынша көрсеткіштерінің орындалуы туралы	Дарибаев Ж.Е.	4-мәжіліс 2026 жыл, маусым
13.	Факультеттердің сапаны қамтамасыз ету комиссиясы жұмысының жылдық есептерін талдау	Комиссия төрағалары	
14.	Ішкі рейтинг нәтижелері туралы	Дарибаев Ж.Е.	
15.	Әр түрлі мәселелер		

3-ші мәселе Дулати университетінің 2025-2026 оқу жылына арналған сапа мақсаттары туралы.

Сапа саласындағы мақсаттар университетте әр оқу жылы сайын жаңартылып отырылады. Осы жылға сапа мақсаттары көрсеткіштері жобасына Даму бағдарламасының, сала бойынша проректорлардың 2025 жылға арналған КРІ жоспарлары, Даму бағдарламасының №4 қосымшасындағы көрсеткіштер ескерілді. Сапа мақсаттары талқылау үшін жоба комитет мүшелеріне ұсынылды.

№	Сапа саласындағы мақсаттар	Көрсеткіштер (саны, %)
Академиялық қызмет бойынша		

1.	Серіктес жоғары оқу орындарымен қос дипломдық білім беру бағдарламаларының саны	5
2.	Инновациялық жаңа ББ ашу	1,2 %
3.	«Атамекен» ҰКП ТОП-10 енген ББ саны	15
4.	Білім алушылардың жалпы контингентінен жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылардың үлесі	4,5 %
5.	Білім беру процесінде ПОҚ академиялық ұтқырлығын арттыру	15
6.	ПОҚ жалпы санынан ағылшын тілінде оқытатын ПОҚ үлесі	13%
7.	Жұмысқа орналастырылған түлектердің үлесі	74,1 %
Ғылыми қызмет бойынша		
8.	Әлемдік рейтингтік ғылыми индекстегі жарияланымдар саны (Wos, Scopus)	80
9.	Q1, Q2 Journal Citation Reports JCR жоғары рейтингі бар басылымдардағы мақалалар мен шолулар саны	35
10.	Ғылыми зерттеулер бойынша коммерцияланатын жобалар саны	13
11.	Ғылыми қызметтен, инновациялық әзірлемелерден және коммерцияландырылған жобалардан алынған кірістердің үлесі	4,6%
12.	Ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысатын жас ПОҚ саны	155
13.	Қорғаған докторанттардың үлесі	40 %
14.	Университетті басқарудың бизнес процестерін цифрландыру үлесі және университеттің цифрлық экожүйесін дамыту деңгейі	50 %
Халықаралық ынтымақтастық және интернационалдандыруды дамыту бойынша		
15.	Жоғары h-индексі бар (h4-тен жоғары) тартылған шетелдік ғалымдардың үлесі	1,4 %
16.	Шетелдік тағылымдамадан өткен ПОҚ мен ғылыми қызметкерлердің саны	55
17.	Шетелдік студенттердің үлесі	2,5 %
18.	Шетелде академиялық ұтқырлықтан өткен студенттердің үлесі	0,9 %
19.	Біліктілігін арттырудан, қайта даярлаудан өткен қызметкерлер мен ПОҚ үлесі	31 %
20.	Білім алушылардың, ПОҚ-ның білім беру қызметтерінің сапасына және экожүйеге қанағаттану дәрежесі	80 %
Тәрбие жұмысы бойынша		
21.	Жүлделі орындарға ие болған студенттердің үлесі (спорттық, шығармашылық конкурстар, олимпиадалар және т. б.)	5 %
22.	Ұйымдастырылған қоғамдық қызметке тартылған ЖОО білім алушыларының үлесі	8 %

Талқылаулар мен пікір білдірулерден соң, комитет мүшелері комитет мүшелері сапа саласындағы мақсаттар жобасының 2, 4, 8, 9, 10, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21 баптары бойынша көрсеткіштерге өзгерістер мен түзетулер жасау туралы ұсыныстарын білдірді.

Шешім: «М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті» КеАҚ 2025-2026 оқу жылына арналған сапа саласындағы мақсаттары төмендегі көрсеткіштерге сәйкес бекітілсін.

№	Сапа саласындағы мақсаттар	Көрсеткіштер (саны, %)
---	----------------------------	---------------------------


Академиялық қызмет бойынша		
1.	Серіктес жоғары оқу орындарымен әзірленген қос дипломдық білім беру бағдарламаларының саны	5
2.	Ашылатын жаңа инновациялық, бірлескен ББ саны	2
3.	«Атамекен» ҰКП ТОП-10 енген ББ саны	12
4.	Білім алушылардың жалпы контингентінен жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылардың үлесі	2,9 %
5.	Білім беру процесінде ПОҚ академиялық ұтқырлығын арттыру	15
6.	ПОҚ жалпы санынан ағылшын тілінде оқытатын ПОҚ үлесі	12,5%
7.	Жұмысқа орналастырылған түлектердің үлесі	74,1 %
Ғылыми қызмет бойынша		
8.	Әлемдік рейтингтік ғылыми индекстегі жарияланымдар саны (Wos, Scopus)	80
9.	Q1, Q2 Journal Citation Reports JCR жоғары рейтингі бар басылымдардағы мақалалар мен шолулар саны	25
10.	Отандық және халықаралық ынтымақтастық шеңберіндегі жаңа ғылыми жобалар мен бағдарламалардың саны	8
11.	Ғылыми қызметтен, инновациялық әзірлемелерден және коммерцияландырылған жобалардан алынған кірістердің үлесі	4,6%
12.	Ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысатын жас ПОҚ саны	155
13.	Қорғаған докторанттардың үлесі	40 %
14.	Университетті басқарудың бизнес процестерін цифрландыру үлесі және университеттің цифрлық экожүйесін дамыту деңгейі	50 %
Халықаралық ынтымақтастық және интернационалдандыруды дамыту бойынша		
15.	Жоғары h-индексі бар (h4-тен жоғары) тартылған шетелдік ғалымдардың саны	7
16.	Шетелдік тағылымдамадан өткен ПОҚ мен ғылыми қызметкерлердің саны	15
17.	Шетелдік студенттердің үлесі	3,5 %
18.	Шетелде академиялық ұтқырлықтан өткен студенттердің саны	20
19.	Біліктілігін арттырудан, қайта даярлаудан өткен қызметкерлер мен ПОҚ үлесі	31 %
20.	Білім алушылардың, ПОҚ-ның білім беру қызметтерінің сапасына және экожүйеге қанағаттану дәрежесі	79 %
Тәрбие жұмысы бойынша		
21.	Жұлделі орындарға ие болған студенттердің үлесі (спорттық, шығармашылық конкурстар, олимпиадалар және т. б.)	3 %
22.	Ұйымдастырылған қоғамдық қызметке тартылған ЖОО білім алушыларының үлесі	8 %

Төрайым



Ш.Есимова

Хатшы



Ж.Маткурбанова